



Газет 1948 жылдың 20 сәуірінен шыға бастады



№20 (1405)
10 маусым
2011 жыл

ҚАЗАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН АПТАЛЫҚ ГАЗЕТІ

БОЛАШАҚҚА - НАНОТЕХНОЛОГИЯМЕН



9 маусымда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Материалтану және наноматериалдарға арналған перспективалық технологиялар, жабдықтар мен аналитикалық жүйелер» атты VIII халықаралық ғылыми конференция өтті.

Халықаралық деңгейдегі ірі шара ҚР Білім және ғылым министрлігі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Мәскеу Болат пен қоспа институты, Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті және жапондық «Interactive Corporation» компаниясының ұйымдастыруымен өтті. Конференцияның ашылуында академик, ректор Ғалымқайыр Мұтанов Білім және ғылым министрі Б.Жұмағұловтың атынан келген

құттықтау хатын оқып, конференция жұмысы мен қатысушыларға сәттілік тіледі. Ғылыми конференция жұмысына Қазақстан, Ресей, Жапония, Франция, АҚШ, Ұлыбритания, Украина және Қырғызстанның жас ғалымдары, Жапония, Ресей, АҚШ, Германияда нанотехнология саласындағы технологиялық құралдар жасайтын әлемнің жетекші компанияларының өкілдері қатысты.

(Жалғасы 2-бетте)

Ассоциация выпускников Казахского национального университета им. аль-Фараби впервые за 77-летнюю историю вуза разработала «Удостоверение выпускника».

«Удостоверение выпускника» - символ братства и единения

Получить новое удостоверение удостоится выпускники 2011 года, вступившие в Ассоциацию выпускников КазНУ.

Удостоверение дает их обладателям определенные льготы, к примеру, приоритетное право при получении второго высшего образования в альма-матер, льготы при пользовании услугами диссертационного зала и библиотеки, интернет-кафе, размещении резюме на сайте университета, при участии в конференциях, посещениях спортивного комплекса КазНУ, спортивно-оздоровительного комплекса на озере Иссык-Куль и другие.

Кроме того, удостоверение – это своеобразный пропуск на корпоративные мероприятия университета и факультета, которые, несомненно, поддерживают дух братства и единения студентов всех поколений.

«Удостоверение выпускника» - это не только солидарность, верность своему университету, но и признак избранности. И помните, что приобретая удостоверение, вы также поддерживаете и нашу Ассоциацию - координатора всех мероприятий выпускников.

Ассоциация выпускников КазНУ им. аль-Фараби – это объединение высокоинтеллектуальных, социально-активных, творческих, интересных людей. Живущие в разных городах Казахстана или за рубежом, непохожие друг на друга, они всегда помнят – их связывают традиции студенческого братства.

Цель Ассоциации выпускников заключается в содействии деятельности университета в подготовке специалистов новой формации, в установлении взаимовыгодных отношений между вузом и его выпускниками. Ассоциация помогает поддерживать связь выпускников с университетом и с другими выпускниками с помощью различных мероприятий, программ непрерывного образования, онлайн-услуг.

Постоянными членами ассоциации являются обладатели всех квалификаций, академических и ученых степеней, представляемых КазНУ: бакалавры, магистры, аспиранты и докторанты, кандидаты и доктора наук.

Балауса БЕРДИМБЕТОВА,
Ассоциация выпускников КазНУ

РЕКТОРАТ

Качество образования: условия диктует рынок труда

6 июня на очередном заседании ректората членами Ученого совета Казахского национального университета им. аль-Фараби были рассмотрены вопросы в сфере образовательного процесса и перспективы работы кафедр университета в сфере инновационной деятельности.

Руководителем Центра социологических исследований и социального инжиниринга КазНУ Гульмирой Абдираимовой членом Ученого совета было представлено социологическое исследование на тему «Преподаватель и студент КазНУ: ключевые тренды, достигнутые основания и вызовы роста». В опросе, который проводился в марте, приняли участие 560 преподавателей и 580 студентов.

(Продолжение на 2 стр.)

Университет үшін менеджменттің үлесі зор

Университеттер рейтингін арттырып, әлемдік топ-университеттер тізіміне ену үшін жоғары мектеп менеджменті оңтайлы жүргізіліп, заманауи тәжірибелерді қолдану қажет. Бұл басымдықты алға қойған әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті 9 маусымда «Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп менеджментінің қазіргі жағдайы мен мәселелері» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Дөңгелек үстелге Қ.Сәтбаев атындағы ҚазҰТУ, Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, О.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті және еліміздің әр аймағынан келген тағы басқа да жоғары оқу орындарының өкілдері қатысты.

(Жалғасы 3-бетте)



ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

(Начало на 1 стр.)

Анкетирование проводилось на казахском и русском языках и охватило 13 факультетов университета. В исследовании ставились такие вопросы, как качество образования и основные факторы, влияющие на него. Студенты и преподаватели высказывали свое мнение относительно того, какие проблемы существуют в университете и соответствует ли уровень преподавания профессиональным требованиям, предъявляемым рынком труда, удовлетворены ли студенты деятельностью ППС. Также профессорско-преподавательскому составу предлагалось назвать факторы, препятствующие продвижению реформ в КазНУ.

По данным Г.Абдираимовой, в целом наблюдается положительная динамика в восприятии инновационных процессов в сфере образования. Согласно опросу, осуществляется процесс формирования профессиональных



КАЧЕСТВО ОБРАЗОВАНИЯ: условия диктует рынок труда

требований, предъявляемых к подготавливаемому специалисту, соответствующий культурным и нравственным нормам, принятым в цивилизованном обществе, университет активно включен в международные процессы (академическая мобильность, установление международных контактов, расширение связей).

За время существования Центром было проведено 5 различных исследований. Ректор университета академик Галым Мутанов отметил, что «сотрудники Центра социологических исследований проделали плодотворную, серьезную работу, которая позволит осуществлять постоянный мониторинг деятельности университета. Центр может стать хорошим полигоном для отслеживания ситуации в образовательной деятельности. Мы готовы поддержать такую работу».

Следующий докладчик – профессор Ж.А.Абилов посвятил свое выступление особенностям деятельности кафедры как основной структурной единицы исследовательского университета на примере работы кафедры органической химии и химии природных соединений. Он ознакомил коллег с направлениями работы кафедры – это органический синтез,

иммобилизация лекарственных веществ на полимерных носителях. Профессор также сообщил, что в области химии природных соединений реализуется 5 проектов с объемом финансирования 8,5 млн. тенге.

Докладчик поделился научными достижениями кафедры, в частности, он сообщил, что обладателями Государственного гранта РК «Лучший преподаватель вуза» стали профессора Ж.Абилов и М.Бейсебеков. Научные достижения и разработки сотрудников кафедры представлялись Президенту РК Н.А.Назарбаеву, – подчеркнул он. Профессор подробно рассказал о научно-исследовательской работе студентов на кафедре.

Ректор Г.Мутанов отметил, что у кафедры есть хороший потенциал, идет реальная интеграция производства и научно-исследовательской работы. Ректор выразил пожелание, чтобы все кафедры продемонстрировали свои возможности, ведь кафедра – это, действительно, основная структурная единица исследовательского университета, и от этого во многом зависит трансформация вуза в целом.

В рамках заседания ректората состоялась

подписание договора о сотрудничестве между КазНУ им. аль-Фараби и АО «БТА Банк». Со стороны университета документ подписал ректор Галым Мутанов, со стороны банка – Председатель Правления Анвар Сайденов. «Мы рады, что проект «Стипендия от БТА» успешно стартовал в КазНУ, и надеемся на его дальнейшее развитие и сотрудничество с ведущим университетом страны», - сказал глава банка.

А.Сайденов рассказал о реализации банком благотворительного проекта «Стипендия от БТА», суть которого заключается в ежемесячной выплате стипендий наиболее достойным студентам казахстанских вузов, а также в предоставлении льгот по программе образовательного кредитования БТА Банка «Универсальный факультет». Размер стипендии составляет 20 000 тенге в месяц, или 200 000 тенге за учебный год.

Сертификат на получение стипендии от БТА Банка был вручен Динаре Коңаровой, студентке 2 курса факультета экономики и бизнеса.

Ирина ПИЛЬГУК

Профессор Мұқамбетқали Бүркітбаев – халықаралық деңгейдегі оқытушы



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры, х.ғ.д., профессор Мұқамбетқали Бүркітбаев «Инженерлік білім саласы бойынша халықаралық деңгейдегі оқытушы» құрметті атағын иеленді.

6 маусымда «Халықаралық инженерлік білім» бағдарламасы (IGIP) қауымдастығының және халықаралық мониторинг комитетінің ұсыныстары бойынша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің бірінші проректоры, х.ғ.д., профессор Мұқамбетқали Бүркітбаев «Инженерлік білім саласы бойынша халықаралық деңгейдегі оқытушы» құрмет атағымен марапатталды. Мәртебелі сертификатты ҚазҰУ ректоры Ғ.М.Мұтанов университеттің Ғылыми кеңесінде Мұқамбетқали Бүркітбаевқа арнайы табыс етті. Халықаралық деңгейдегі құжатқа IGIP президенті, профессор Майкл Е.Ауер және бас хатшы Герберт Клебер қол қойған.

ҚазҰУ ректоры бұл құжат өз кезегінде IGIP регистрді орындаудағы барлық қажетті талаптардың өз деңгейінде орындалғанын куәландыратындығын, сонымен қатар, сертификат инженерлік білім саласы бойынша әлемдік деңгейде дәріс оқу мүмкіндік беріп, шетелдік жоғары оқу орындарында жұмыс істеуге жол ашатындығын және мұндай жетістік университет үшін жоғары мәртебе екендігін айтты.

Р.С. Профессор Мұқамбетқали Мырзабайұлын ҚазҰУ-дың барша оқытушы-профессор құрамы атынан «Қазақ университеті» газетінің ұжымы шын жүректен құттықтай отырып, еңбегіне табыс, отбасына амандық тіледі.

КОНФЕРЕНЦИЯ ■

ӘРІПТЕСТІК ■

Болашаққа – нанотехнологиямен

(Басы 1-бетте)

Ғылыми шара бастала салысымен-ақ, бүгінгі заман талабындағы өзекті мәселелерді қамтумен ерекшеленді. Ресей делегациясының мүшесі, профессор Лев Кожитов осы тақырып төңірегінде жасалған жұмыстарға шолу жасап, өнім сапасын зерттейтін орталықтардың ашылғанын айтты. «Бүгінгі конференция бізге әріптестік байланыс орнатуға таптырмас мүмкіндік деп білемін. Біз баяндамалар жинағын басып шығаруда авторлардан талап ететіміз, автор нені ұсынады және байланыс көздерін көрсетуді ұмытпау», - деді өз сөзінде профессор Лев Кожитов.

«Interactive Corporation» компаниясының президенті Тахехико Иидзука «Қазақстанға бұл екінші рет келуім, сіздерге көп рақмет, біздің елдегі жағдайды ескере отырып, қолдарыңыздан келген көмектен аянған жоқсыздар. Бұл конференция бірлесе жұмыс істеуге бастайтын басты жол. Тәжірибе алмасу – ең керекті деп ойлаймын», - деп атап өтті.

JEOL (жапондық электроникалық оптика зертханасы) компаниясының вице-президенті Хидеки Хираноның да Қазақстанға бұл екінші келуі. JEOL компаниясы осыдан екі жыл бұрын Алматы қаласында өз филиалдарын ашқан болатын. Тек нанотехнология саласындағы құралдарды Қазақстанға тарату емес, сонымен қатар, ол құралдардың функционалды жұмыс істеуін жіті қадағалау компанияның басты қызметі болып саналады. «Бұл конференция аясында технология тұрғысынан

ақпарат беріп қана қоймай, өз үлесімзді Қазақстандағы ғылымның дамуына қоссақ екен», - деген тілек айтты JEOL компаниясының вице-президенті.

Пленарлық мәжілісте ғалымдардың технологиялық талдау орталықтары және білім беретін басқа да зерттеу орталықтарының қазіргі нанотехнология саласындағы радиациялық әдістері жөнінде баяндамалары оқылды. Сондай-ақ, секция отырысында конференцияда көрсетілген тақырыптар бойынша жаңа технологиялық жабдықтарды зерттеу, инновациялық технологиялар мен микро- және нанорадиоэлектроника саласына арналған әлем ғалымдарының зерттеулері мен өндеу жұмыстары тыңдалды.

XXI ғасырдың алғашқы онжылдығында наноғылым мен нанотехнология саласында бірқатар жетістіктерге қол жеткізілді. Олардың біршамасы Нобель сыйлығының иегері атанып та үлгерді. Академик Ғ.Мутановтың пікірінше, нанотехнология саласындағы ғалымдар үнемі жаңа нәтижелерге қол жеткізіп келеді және бұл жаңалықтар болашақта адам өміріне қажетті құндылықтарда, экология мен өндірісте алға шығуға зор мүмкіндік береді. Қуанарлығы сол, оған жас ғалымдардың қызығушылығы да уақыт өткен сайын арттырып отыр.

Ғалымдар конференция жоғарыда аталған тақырыптардың шешу жолдарын ұсынып, пікір, тәжірибе алмасумен Қазақстан нанотехнологиясының дамуына өз үлесін қосатындығына сенімді.

Еңлік АҚЖІПТ



Жапондық серіктестермен тығыз байланыс

8 маусымда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректоры Ғалымқайыр Мұтанов жапондық «Interactive Corporation» және JEOL (Жапондық электроникалық оптика зертханасы) компанияларының өкілдерімен кездесті. Аталған Жапонияның жетекші компаниялары бұл күндері ҚазҰУ-да өз жұмысын бастаған VIII халықаралық «Материалтану және наноматериалдарға арналған перспективалық технологиялар, жабдықтар және аналитикалық жүйелер» атты ғылыми конференцияның арнайы шақырылған қонақтары, әрі ұйымдастырушыларының бірі болып табылады. Кездесу барысында тараптар нанотехнологиясы мәселелеріне

арналған халықаралық конференцияның маңыздылығы талқыланып, сондай-ақ шетелдік жетекші компаниялар тарапынан бұл шараға қатысуға деген қызығушылықтың жылдан-жылға арта түскендігін ерекше ризашылықпен атап өтті. ҚазҰУ-мен жапондық серіктестер арасындағы өте тығыз өзара достастық қарым-қатынастармен ерекшеленетін ынтымақтастық болашақта ғылымның басым бағыттары бойынша кең ауқымды жобалар бастамасының негізі боларына сенім білдірілді. Жүздесу жылы шырайлы, достастық жағдайда өтті.

Құралай БАТКАЛОВА



УНИВЕРСИТЕТ ҮШІН МЕНЕДЖМЕНТТІҢ ҮЛЕСІ ЗОР

(Басы 1-бетте)

Дөңгелек үстелде қазіргі жоғары оқу орындарындағы мәселелер және жоғары оқу орындарын тиімді басқарудың әдістері, жоғары оқу мекемелерін басқарудың жаңа жолдары және жоғары мектеп менеджментінің даму болашағы жайында тақырыптар қозғалып, отандық оқытушы-профессорлар өзара пікір алмасты. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың бірінші проректоры, жақында ғана халықаралық деңгейдегі оқытушы құрмет атағымен марапатталған профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев университеттің менеджменті турасында кеңінен тоқталып, отандық әріптестерімен тәжірибе бөлісті. «Еліміздегі жоғары оқу орындарының көшін бастап тұрған ҚазҰУ-да менеджмент өте жақсы дамыған. Бізде Ғылыми кеңес, Ақпараттық технологиялар бойынша кеңес, Қоғаммен байланыс кеңесі сияқты менеджмент саласын тиімді атқаруға бағытталған бірнеше кеңестер жұмыс істейді. Әр кеңес жұмысы менеджменттің тиімді жүргізілуіне ықпал етеді. Университет басшылығының талабына сай университеттегі ғылыми зерттеу институттары, факультеттер және кафедралардың барлығы тиімді жобалармен арнайы жұмыс істеп, шетелмен әріптестікті дамытуда. Университетте Матричтік жүйе қызмет атқарып келеді. Бүгінде Кайдзен жүйесін тәжірибеге енгізіп отырмыз. Бұл жүйелер Жапонияда және тағы да басқа шетелдік компанияларда, жоғары

оқу орындарында кеңінен қолданылады. Өздеріңіз байқап отырғандай, бұл жүйелер университет рейтингісін арттыруға зор мүмкіндік», - деді профессор Мұхамбетқали Бүркітбаев. Сонымен қатар, пәндерді ағылшын тілінде де өткізу үдерісін енгізу — ұлттық

түлектер қоры эндаумент деген атауға ие. Ал эндаументтің жақсы қызметі сол университет менеджментінің жүйелілігін байқатады.

Ғалымдар жоғары оқу мекемелерінің басқарудың жаңаша түрлерін қарастыру қажет екендігін айтты.



зерттеу университетіне айналуға жоғары көрсеткішке жетелейтінін, ол үшін шетелдік ғалымдарды шақыртумен қоса, отандық оқытушылар да шет тілін еркін меңгеруі қажет екендігін айтып өтті.

Дөңгелек үстелде қасиетті қара шаңырақ түлектерінің де өз кезегінде университет менеджментіне толағай үлес қосып келе жатқаны айтылды. Батыстық, жалпы кәсіпкерлік психологияда «Түлек тек үздік университетке, өзінің кәсібилікке жетуіне үлкен бағдар берген білім ордасына ғана қолдау көрсетеді» деген пайым бар екен. Бұл орайда,

С.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медициналық академиясы Үздіксіз білім беру орталығының директоры Оралбай Дәрменов: «Менеджменттің дұрыс болуы білім сапасының жақсаруына ықпал етеді. Білім сапасын жақсарту үшін ұстаздарды, оқытушыларды қағазбастылықтан алыстату керек. Министрліктен келетін тексерістер қағаз жұмыстарын көбейтеді де оқытушыны алаңдатып, оқыту үдерісіндегі уақытын зая кетіретіні жасырын емес. Оқытушы есеп-қисап, қағазбен уақыт кетіргенше, білім, ғылымға көп көңіл аудару керек. Ендеше менеджментті



жақсартудың бір жолы — осы қағазбастылықты бір жүйеге келтіру деп есептеймін», - деген ойын жеткізді. Профессордың айтуынша, жоғары оқу орындары менеджментінің жақсаруына университеттермен қатар министрлік те тиімді жолдарды тәжірибеге енгізіп отыруы қажет.

Дөңгелек үстел қатысушылары менеджменттің тиімді жүргізіліп жатқандығын байқаудың бір түрі — түлектердің бірден жұмысқа орналасуынан байқалады деген пікірге тоқталды. Ол үшін жоғары оқу орындары қоғам сұранысына сай маман дайындап, қоғамға қандай кадрлар керек екендігіне алдан ала зерттеулер жасап отыру қажеттігін де айтты.

Қазақстан Республикасы Жоғары мектеп менеджментінің қазіргі жағдайы мен мәселелері барысында ғалымдар пікір алмасқаннан кейін әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы біліктілікті арттыру институты университетте өткен «Жоғары мектеп менеджменті» курсының 2 топтағы бірінші тыңдаушыларына мемлекеттік үлгідегі куәліктерді табыс етті. Курсқа еліміздің әр өңірінен келген 27 тыңдаушы қатысқан.

- Бұл курс Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарын басқарудың ақуалы

мен мәселелерін айқындауға мүмкіндік берді. Ертеңгі күні еуропалық және дүниежүзілік білім беру кеңістігінде ЖОО табысты іс атқару үшін әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың үлгісін негізге ала отырып, менеджмент мәселесін қалай қою керек деген сұрақты шешуге бағыт берді. Сонымен қатар, менеджменттің әлемдік үлгідегі жаңа қырларымен таныстырып, өзара тәжірибе алмасуға мүмкіндік жасады», - дейді курс тыңдаушысы, М.Х. Дулати атындағы ТарМУ Ғылыми бағдарламалар орталығының бастығы Әзберген Іңкәрбекұлы. Ал ҚазҰУ Біліктілікті арттыру институтының директоры Барлық Шайкенов: «Курс барысында ҚазҰУ-дың менеджменті жағдайымен таныстырып, әріптестерімізбен тәжірибе бөлістік. ҚазҰУ-ды отандық білім және ғылым саласының көшбасшысы ретінде қабылдап, бізді өздеріне үлгі етіп алды», - деді. Сондай-ақ, біліктілікті арттыру шарасында ҚазҰУ-да не атқарылып жатқандығы, қандай менеджменттік жүйелер қолданылатындығы, менеджментті қалай тиімді қолдану қажеттігі туралы әріптестерімізге дәрістер оқылаған.

Саягүл
ӘЛІМБЕКОВА

18 МАЯ – ВСЕМИРНЫЙ ДЕНЬ МУЗЕЕВ

На международном форуме музей КазНУ признан лучшим

17-19 мая в Астане прошел Международный форум музеев «Музей как феномен истории и современности», посвященный 20-летию независимости Республики Казахстан и 10-летию Этнокультурного комплекса «Карта Казахстана «Атамекен». Время проведения форума было выбрано не случайно: 18 мая праздновался Всемирный День музеев. Эта встреча представителей музейного сообщества стала ярким и значимым событием в культурной и научной жизни страны.

Под сводами уникального этнокомплекса «Атамекен», по сути, музея под открытым небом, где в миниатюре представлены история и достопримечательности Казахстана, а также мировые памятники культуры, собрались 160 делегатов из всех регионов Казахстана, стран СНГ и дальнего зарубежья.

Участники форума обсуждали вопросы, которые имеют сейчас особую актуальность: - это необходимость повышения роли музеев в жизни человека и общества, содействие профессиональному росту и консолидации музейных работников, перспективы международного сотрудничества, внедрение инновационных технологий в музейное дело, значение музейной педагогики и вузовских музеев в социокультурной трансформации современного мироустройства и многие другие.

Широкий спектр рассматриваемых проблем очевиден и связан с многоликостью музейного сообщества. Какие только музеи не были представлены на форуме — это крупнейшие историко-культурные центры мира - музей «Топкапы» (Турция), музей-заповедник «Петергоф» (Россия), музей народной архитектуры и быта (Беларусь),

многочисленные казахстанские государственные историко-краеведческие, этнографические и профильные музеи, художественные, археологические, например, археологический заповедник-музей в Отыраре, мемориальные, посвященные жизни и деятельности выдающихся личностей и исторических героев: резиденция Абылайхана (Петропавловск), музей Ы.Алтынсарина (Костанай), С.Сейфуллина (Астана), Д.А.Кунаева (Алматы), музеи университетов и школ.

На пленарном заседании были заслушаны доклады, отражающие работу многих музейных коллективов. Вела заседание директор Этнокомплекса «Атамекен» Д.Д.Муналбаева, представляющая организацию, которая проводила это мероприятие. Выступали представители Министерства культуры Республики Казахстан, Управления культуры г. Астаны, других ведомств, были подведены результаты конкурса музеев Казахстана, состоялось награждение победителей, вручены благодарности и сертификаты участникам форума.

Заслуженным интересом аудитории пользовались доклады корифея музейного дела республики Б.К.Оразымбетовой



«Музей в зеркале современных оценок», В.И.Липенкова о музее Солнца, открытого в Академгородке Новосибирска (Россия), презентация З.А.Тебаевой об экспозиции «Лики предков», средствами компьютерной анимации, воссоздающей образы великих казахских батыров (Караганда), А.А.Жумашевой «Отырар әркениетінің жәдігерлері» (Туркестан).

Мне выпала честь представлять работу вузовских музеев по теме «Музей университета как интеллектуальный и культурный центр». На слайдах, в рисунках и фотографиях музейных экспонатов перед участниками форума предстала замечательная история создания Казахского национального университета им. аль-Фараби, его сегодняшний

высокий уровень достижений и перспективы трансформации в исследовательский университет. Чрезвычайно приятно, что среди участников форума было много выпускников нашего университета, с гордостью внимавших рассказ об успехах своей alma-mater. Среди них — Арман Кулышанова, заместитель директора Этнокомплекса «Атамекен», руководители и сотрудники областных музеев. Кстати, по итогам проведенного республиканского конкурса музей КазНУ им. аль-Фараби был удостоен диплома «Лучший музей высшего учебного заведения 2011 года».

В рамках форума прошла конференция в режиме on-line с более чем 20 музеями Венгрии, стран Содружества, Центральной Азии и Казахстана.

Формат культурной программы форума был чрезвычайно насыщенным — это закладка «Аллеи музеев», посещение площади «Отан қорғаушылар» и возложение цветов к монументу «Отан Ана», экскурсии в Музей Первого Президента, Президентский культурный центр и другие музеи нашей молодой столицы, концерт духового оркестра Республиканской гвардии, праздничный фейерверк в честь Дня музеев. Уверена, что все без исключения участники форума прониклись теплотой, особой атмосферой духовного единения и музейного братства.

Тамара ТАЖИБАЕВА,
директор музея КазНУ



БТА Банк шәкіртақысының иегері – Динара Қонарова

БӘРЕКЕЛДІ!!!

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен БТА Банкі «БТА-дан шәкіртақы» қайырымдылық жобасы аясында ынтымақтастық жөнінде өзара келісімшартқа қол қойды. Құжатқа университет тарапынан ректор Ғалымқайыр Мұтанов, Банк тарапынан басқарма төрағасы Әнуар Сәйденов қол қойды.



Жобаның негізгі мақсаты – отандық жоғары оқу орындарының үздік студенттерін ай сайын арнайы шәкіртақымен қамтамасыз ету, сондай-ақ БТА Банкінің «Әмбебап факультеті» білім беруге арналған кредиттеу бағдарламасы бойынша жеңілдіктер ұсыну. «БТА-дан шәкіртақы» қайырымдылық жобасы БТА Банкінің бастамасы бойынша 2011 жылдың мамыр айынан бастап әзірленіп, жүзеге асып отыр. Бұл жоба әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылардың студенттеріне арналған. Шәкіртақы көлемі айына 20 000 ұлттық теңге көлемінде немесе оқу жылына 200 000 теңгені құрайды. Ал «БТА-дан шәкіртақыдан» бөлек «Әмбебап факультет» бағдарламасы бойынша оқу кредитін пайдалануды ұсынады. Бұдан басқа негізгі қарызды төлеуде жеңілдікті мерзім қарастырылған.

«БТА-дан шәкіртақы» жобасының ҚазҰУ-да бастау алғанына қуаныштымыз. Еліміздегі жетекші университетпен болашақта да әріптестігіміз жалғаса беретіндігіне сенеміз. Қазақстандық жоғары оқу орындары жобаға қатыса отырып, отбасылық әлеуметтік жағдайындағы қаржылық мүмкіндіктермен шектелген дарынды және қабілетті студенттерге нақты материалдық ынтымақтандыруды ғана емес, сонымен қатар қаражаттың жетіспеушілігінен несиеге оқуға міндетті болып отырған студенттерге көмектесеміз деген сенімдемеміз, - деді басқарма төрағасы Әнуар Сәйденов. Одан кейін «БТА Банк» АҚ Басқарма Төрағасы Әнуар Сәйденов әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті экономика және бизнес факультетінің 2-курс студенті Қонарова Динара Маратқызына банк тарапынан студенттік шәкіртақыны табыс етті.

Саягүл ӘЛІМБЕКОВА

ТӘРБИЕ

МЕРЕЙТОЙ



Жетістіктің жетпісі

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұлағатты ұстазы, қылмыстық құқық пен криминология саласының ірі маманы, з.ғ.д., профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Арықбай Нүсіпәліұлы Ағыбаев есімі жетпіс жаста. Оның ғылыми өнегесі бір төбе болса, шәкірттерге берген тәлімі мәңгілік сәуле секілді.

Арықбай ағамыз 1941 жылдың 15 маусымында Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Талап селолық кеңесі, Қастек ауылында дүниеге келді. Арғы атасы Нарбота бидің әділ шешімдерінің санаға сәуле түсіруі жас дарынды әділдік пен күрестің кемеңгерлікті қажет ететін қиын жолына салып жіберді. 1967 жылы қара шаңырағымыздың заң факультетін Лениндік стипендияның иесі бола жүріп, үздік тәмамдаған Арықбай Нүсіпәліұлы Ғылыми кеңестің шешімімен Қазақ КСР Ғылым Академиясына жолдамамен жіберіледі. Бұл жол кейіннен болашақ ірі ғалымды КСРО Ғылым Академиясының Мемлекет және құқық институтының аспирантурасына алып келді. 1970 жылдың қарашасынан 1973 жылдың наурызына дейінгі аралықта Ғұлама ғалым П.С.Ромашкиннің жетекшілігімен осы Академияның диссертациялық кеңесінде «Билікке және қызмет бабына қиянат жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық» (Қазақ КСР материалдары негізінде) деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады.

А.Н. Ағыбаев – қылмыстық құқық және криминология ғылымы саласындағы ірі мамандардың бірі. Ол Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық Кодексінің жобасын жасауға белсенді қатысты. Жалпы көлемі 670 баспа табақтан асатын 560-тан астам ғылыми еңбектің авторы А.Н.Ағыбаев 26 ізденушінің кандидаттық диссертациясына жетекші, 4 ғылым докторына ғылыми кеңесші болды. Халықты құқықтық сауаттандыру мақсатында 1981-1990 жылдары Қазақ теледидарында «Адам, қоғам және заң» телехабарының қоғамдық негіздегі жүргізушісі болды. 1998-2001 жылдар аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторлық диссертация қорғау жөніндегі Диссертациялық кеңесінің Ғалым хатшысы, мүшесі ретінде қазақ ғылымының қатарын жас ғалымдармен толықтыруға септігін тигізді. Тарих пен құқықты бөле қарамайтын ғалым заң саласындағы ғылыми еңбектерімен бірге әдебиет, тарих тақырыптарына да көптеген еңбектер жазды. Қарасай батыр, Сүйінбай, Жамбыл, Сұраншы, Сүттібай мен Нарбота би жөнінде жазған бірнеше тарихи очерктері санаға салмақ қосқандығы үшін оған халықаралық Жамбыл Жабаев атындағы сыйлық, Жамбыл ауданының «Құрметті азаматы» атақтарымен марапатталды. Ғалым еңбегі елбасы тарапынан да ескеріліп, профессор А.Н. Ағыбаевқа 2003 жылдың 8 желтоқсанындағы ҚР Президентінің жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағы берілді. Бірнеше медальдардың иесі ардақты ұстаздың жетпістен де кейінгі жетістіктерін асыға күтеміз.

О.Н.ТЛЕПБЕРГЕНОВ,

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті қылмыстық құқық және криминология кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының кандидаты

ТҮРГЕНГЕ САЯХАТ

«Табиғат – ғылым мекені» тақырыбымен мамыр айының 29-шы жұлдызында әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің география пәнінің оқытушысы Б.С. Керімбай және информатика пәнінің оқытушысы С.Т. Туртаева жас жеткіншектерді туған өлке табиғатымен таныстыру, адамның табиғатпен келісімде өмір сүріп оны зерттеу және іздену жұмыстарын жүргізу мақсатымен 1-3 курс студенттерімен бірге «Тау Түрген шатқалына» саяхат жасады.



Туристтік бағыт Алматы қаласының орталығынан басталды. Осы бағытқа сәйкес студенттер «Алтын адам ескерткішіне», «Аюлы» су сарқырамасына, «Форель» шаруашылығына және «Фауна» страус фермасына барып қайтты.

«Алтын адам» қорғаны - сақтық кезеңнің ең үлкен археологиялық ескерткіштерінің бірі саналады. Ескерткіш б.з.д IV ғасыр деп белгіленеді. Осы жерге жарленген жас адам Сақ - Тиграхауд билік басына, мүмкін Ұлы Құшандардың династиясына жатуы мүмкін. «Алтын адам» алтын қаңылтырмен бай өрнектелген сауыт киген, саф алтыннан жасалған қарулы белдік, басында садақ оғы тектес киім. Костюм 4 мың алтын сақ қолөнеріне тән әйгілі «аңдар стилінде» орындалған белгілерден тұрады. Бұл жерден басқа, «Алтын адам» көшірмелері Алматы мен Астана қалаларының мұражайларында қойылған.

Алматыдан 90 км жердегі табиғаттың бір әсем бұрышы - Түрген шатқалы қылқан және аралас жапырақты ормандарымен, альпілік және қосалқы альпілік шөптерімен, көлдері мен қайнарларымен, дәрілік өсімдіктері мен жидектерімен, Түрген сайы сарқырамаларымен белгілі. «Түрген сарқырамалары» - Алматы облысының туристердің жиі баратын орындарының бірі, ол Іле Алатауы Ұлттық саябағының құрамында ең әдемі шатқалда орналасқан. Түрген шатқалында 7 сарқырама бар. Жұрт ең көп баратыны біріншісі «Аюлы»,

екіншісі «Теріскен су» аталады. Бірінші сарқырама (биіктігі – 30 метр) салбыраған құздар мен жасыл шыршалар арасында әдемі орында орналасқан. Шатқалдағы құздар жер сілкінісімен жарылған, мұзды дәуірге дейінгі кезең өсімдіктерінің таңбаларын сақтап қалған. Әдетте «Аюлы» сарқырамасы ағатын көпірден жоғары 300 метрде дәмді де суық қайнарлы сулы «адемділік көзі» бар. Аюлы сарқырамасы өзінің күшті су ағынымен, 30 метрлік биіктіктен салбыраған жарлары және жасыл шыршаларымен қызықтырады.

Бұл жерде табиғаттың тұнып тұрған сұлулығынан бөлек, баяғыда ата-бабаларымыз «бақтақ» деп атап кеткен хан балығы (бұл атау кейін берілген) шаруашылығы бар. Хан балығы деп отырғанымыз кәдімгі ауызекі тілдегі «форель». Қазір мұнда хан балығының америкалық түрлі-түсті Дональсон деп аталатын түрі өсіріледі. Бұл балықтың шыққан жері – Солтүстік Америка. Миссисипи, Мессури өзендері. Қазір елімізде «Түрген форель» деген бренд қалыптасты. Соңғы жылдары Түргендегі хан балығы немесе өзіміздің бақтақ шет елдерде өтіп жүрген түрлі халықаралық көрмелерге қатысып, етінің дәмділігі мен сапасына орай мақталып жүр. Ал 2000 жылы Францияда өткен көрмеде Түрген балығы бас жүлдені

жеңіп алды. Өзіміздің төл табиғатымызда өндірілген балық адам ағзасына оңай сіңетін таңсық ас, бұл жерде балықты өзің аулап, кешкі асқа хан тамағын пісіріп жеуге болады.

Орталық Азияда бірінші болып іске қосылған, африкалық қара және көкшіл страус өсіретін «Фауна» фермерлік шаруашылығы 2001 жылдан бері жұмыс істеп келеді. Қазір мұндағы 120 га территорияда 100-ден аса керемет страустар өсірілуде. Мұны тамашалауға осы уақыт ішінде дүние жүзінен мыңдаған туристер келіп қайтты. Балалар страустардан басқа бұғы, пони, қоян, үй құстары, т.б. фауна түрлерімен танысты. Фермадан қайтар кезде страус жұмыртқасын, етін, терісін, жүнін алуды және етінен дайындалған әртүрлі тағам түрлерін ұсынады.

Колледж студенттерінің Түргенге саяхаты өзінің алдына қойған мақсатын толық орындап, балалардың өз туған өлкесінің табиғатына деген сүйіспеншілігін, ғылыми-зерттеу, іздену жұмыстарына қызығушылығын арттырып, қызықты да мағыналы болып өтті.

Керімбай Баян Сүлейменқызы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ колледжінің география пәнінің оқытушысы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Дәрмен СМАЙЫЛ
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА, Еңлік АҚЖІПТ
Беттеуші – Талғат АХМЕТҚАЗЫ
Фототілші – Алматы МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
«Бизнес Информ» баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша. Таралымы – 1000 дана. Индексі 65989. Тапсырыс №10386

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.